

## **6B01404 - Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау**

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру саласының коды және атауы:** 6B01 Педагогикалық ғылымдар

**Даярлау бағытының коды және атауы:** 6B014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

**Берілетін дәрежесі:** 6B01404 - Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

**Бағдарламаның типі:** бакалавриат 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

**Жалпы кредит көлемі:** 240 академиялық кредит/240 ECTS

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

#### ***1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы***

6B01404 - «Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

#### ***1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:***

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

#### ***1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:***

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

#### **1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері**

##### **Оқытушылық:**

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

##### **Тәрбиелік:**

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

##### **Әдістемелік:**

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

##### **Зерттеушілік:**

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

##### **Әлеуметтік коммуникативтік:**

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

## БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ББ бойынша оқу нәтижелері:** Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** – көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы ақпараттарды визуализациялау идеяларына негізделген көркемдік білімі мен түсініктерін көрсетеді;
- **ON2** – берілген ақпаратқа сүйене отырып оларға сыни тұрғыдан қарау және жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолданады;
- **ON3** – танымдық және жалпы мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдайды;
- **ON4** – көркем еңбек және сызуды оқытудың нақты өмірдегі орны мен рөлін дәйектейді;
- **ON5** – көркем еңбек және сызуды оқытуда, бұйымдарды конструкциялауда, модельдеуде және жобалауда оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру мақсатында АКТ-ны пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырады;
- **ON6** – инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне және оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолданады;
- **ON7** – критериалды бағалаудың, диагностикалаудың, қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасаудың технологияларын пайдаланады;
- **ON8** – тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін, командада жұмыс істеу дағдыларын және ақпараттық мәдениетін көрсетеді;
- **ON9** – оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыруда, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялай біледі;
- **ON10** – технологияларды қолдану мен инклюзивті білім беру тәжірибесінде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалайды.

**Пәндер туралы мәліметтер**

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)																			
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10										
<b>Жалпы білім беру пәндері ЖОО компоненті/таңдау компоненті</b>																							
1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар қарастырылады. Заңнамалық-тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау, даулы жағдайларда проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау жолдары сипатталады.	5									+	+	+									
<b>Базалық пәндер ЖОО компоненті</b>																							
2	Оқушылардың психологиялық-физиологиялық дамуы	Оқушылардың психологиялық-физиологиялық тұрғыдан даму заңдылықтары, балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері, жеке басының қалыптасуы, денсаулығын сақтауға, нығайтуға, қабілеттерін айқындау мен дамытуға қатысты мәселелер қарастырылады. Оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту, балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімді интеграциялау жолдары сипатталады.	5							+		+	+	+									



		шамдарды жасау, маскарадқа арналған костюмдер қарастырылады. Ақпараттарды визуализациялау мен декорациялаудың көркем еңбек және сызуды оқытудағы, әуе перспективасының өмірдегі орны, маскаларды, табиғат аясындағы көркемдеп безендіру, ашық аспан астындағы мерекелерді ұйымдастыру талаптары сипатталады.											
6	Визуалды өнер II 1.(Бейнелеу өнері түрлері мен жанрлары)	Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларының кескіндеме, графика, мүсін өнері, натюрморт, портрет, пейзаж, дәстүрлі емес материалдардан тақырыптық композиция құрастыру, графика тәсілдері, мүсін құралдары жайлы білімдері қарастырылады. Берілген ақпараттарды визуализациялау идеяларын оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес практикада қолдану арқылы, оқушының өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялау білігі сипатталады.											
	2.Әлем бейнелеу өнерінің стильдері	Ежелгі дәуір өнері, Антикалық (сәулет), Готикалық (витраж), Қайта өрлеу (фреска), Маньеризм (кескіндемедегі мәнерлеу), Барокко, Рококо, Классицизм, Романтизм, Неоклассицизм, Импрессионизм (табиғат құбылыстары), Постимпрессионизм, Модернизм (жаңа ағымдар) стильдері жайлы білімдері қарастырылады. Берілген ақпараттарды визуализациялау идеяларын оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес практикада қолдану арқылы, оқушының өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялау білігі сипатталады.	3	+	+				+				+
7	Визуалды өнер III 1.(Заманауи Қазақстан суретшілерінің шығармашылығы)	Заманауи Қазақстан суретшілерінің шығармашылығы, бейнелеу өнерінің кескіндеме, графика, мүсін, зергерлік, сәндік қолданбалы өнері, композициялық ерекшеліктері, түстік үйлесімі көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнында қарастырылады. Ақпараттарды визуализациялау идеяларын, форманың құрылымын орындау техникасын, стильдік жүйелерін практикада қолдану, танымдық және жалпы мәдениет мәселелерін шешу жолдарын талдау, оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыруды ұйымдастыру негізінде сипатталады.	5	+	+	+			+				

	2.Қазақстан қолөнері шеберлерінің шығармашылығы	Қазақстан қолөнер шеберлерінің өмірі, көркем еңбек және сызуды оқытудағы шығармашылығының ерекшелігі, өнертаным, құрылымдау заңдылықтары, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың дәріптейтін шығармалары, сәнділік, түстердің тұтастығы, бейнелілік, образдылық суреттеу барысы қарастырылады. Ақпараттарды визуализациялау идеялары, форманың құрылымдық техникасын, стильдік жүйелерін практикада қолдану, өнердегі танымдық, мәдениет мәселелерін шешу жолдарын талдау, оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыруды ұйымдастыру негізінде сипатталады.											
8	Визуалды өнер IV 1.(Мүсін және пластикалық адам анатомиясы)	Көркем еңбек және сызуды оқытуда мүсін өнерімен танысу, бедерлі, дөңгелек мүсін, әртүрлі пластикалық материалдардан жұмыс жасау, пропорция, адам денесінің статикасы, динамикасы, АКТ-ны пәннің мақсат-міндеттеріне және оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолдану қарастырылады. Мүсін және пластикалық адам анатомиясын визуализациялау идеяларын критералды бағалауды, диагностикалауды практикада қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыра білу сипатталады.	5	+	+			+		+			
	2.Керамика	Көркем еңбек және сызуды оқытуда керамика тарихы, керамика бұйымдарын жасау материалдары органикалық емес минералды қоспалары, керамикалық массаны жасау, көркем керамиканың классификациясы, керамиканың үй тұрмысында, құрылыста, техникада, су және әуе көлігінде, мүсін өнерінде АКТ-ны қолдану қарастырылады. Керамиканы визуализациялау идеяларын критералды бағалауды, диагностикалауды практикада қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыра білу сипатталады.											
9	1.Сәндік қолданбалы өнер негіздері I (қыздар)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы сәндік қолданбалы өнер түрлері, ұлттық нақыштар, өрнектер, батик, гжель, хохлама, қазақ халқының ұлттық ою-өрнегі, көркем күйдіру, композиция құрастыруға қажетті материалдары жайлы білімдері қарастырылады. Өнер туындыларын жоба	5	+	+			+		+			

		жұмыстарының практикалық бөлімінде қолдану, мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдау, коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетін көрсету, критериялды бағалау сипатталады.											
	2.Материалдарды көркем өңдеу (қыздар)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы материалдарды таспамен, құрақпен, ілмекпен, бізбен, көркем кестемен, сумоншақпен көркемдеп – сәндеулер, өру өнері, түрлі техникамен бастырмалы түскиіз, сырмақ жасау технологиясы қарастырылады. Ұлттық өнерді терең игеріп, жоба жұмыстарының практикалық бөлімінде қолдану, мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдау, коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетін көрсету, критериялды бағалау сипатталады.											
	1.Сәндік қолданбалы өнер І негіздері (ұлдар)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы ағаштан, жасалатын кәдесый, бесік, домбыра, кебеже, жүкаяқ, сыбызғы, асатаяқ, музыкалық аспаптарды жасау технологиясын, түс үйлесімділігін, композициялық шешім ережелерін, өру өнері жайлы білімді меңгеру қарастырылады. Өнер түрлерін жоба жұмыстарын әзірлеуде қолдану, мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдау, коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетін көрсету, критериялды бағалау сипатталады.		+	+			+				+	
	2.Материалдарды көркем өңдеу (ұлдар)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы темір, керамика, ағаш, қыш, шыны, асыл тастар, сүйек, былғары материалдарын көркем өңдеу әдістері, сүйек, өңдеу жайлы білімдері қарастырылады. Тері өңдеу, бедерлеу, фаянс өнер салаларын практикада жоба жұмыстарын орындауда қолдану, мәдениет концепциялары негізінде мәселелерді шешу жолдарын талдау, коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетін көрсету, критериялды бағалау сипатталады.											
10	1.Сәндік қолданбалы өнер негіздері II (қыздар)	Көркем еңбек және сызу оқытудағы қолөнерінің жаңа технологиясы киіз басу, ши, алаша тоқу ерекшеліктері, композиция құрастыру, өю-өрнек мотивтерінің түрлері,	5	+	+			+				+	



	ырғақтылығы, түстік үйлесімділік жөнінде алатын білімдері қарастырылады. Сәндік бұйымдар қолданбалы өнер жайлы білімін практикада қолдану, қолөнерін көркемдеп сәндеуде АКТ-ны пайдалану арқылы оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру, пәнаралық білімдерін бағалауды интеграциялау білігі сипатталады.												
2.Кілем және гобелен тоқу негіздері (қыздар)	Көркем еңбек және сызуды оқытудағы кілем, гобелен, түткіті кілем оқу техникасы, шикізаттары, жабдықтары, техникалық суреті, тоқу тәсілдері, түстік үйлесімділігі, композициялық шешімдері, нақыштары, сәндеу мағынасы, көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Кілем және гобелен тоқу жайлы білімін практикада қолдану, көркемдеп сәндеуде АКТ-ны пайдалану арқылы оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру, пәнаралық білімдерін бағалауды интеграциялау білігі сипатталады.												
1.Сәндік қолданбалы өнер негіздері II (ұлдар)	Көркем еңбек және сызуды оқытуда мозайка жасау, көркем күйдіру тәсілдері, бұйымды көркем безендіру, былғарыдан бұйым жасау, жұқа қаңылтырға бедер салу техникасы мен технологиясы қарастырылады. Сәндік қолданбалы өнер жайлы білімін практикада қолдану, өзіндік композиция құрастыруда АКТ-ны пайдалану арқылы оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру, пәнаралық білімді интеграциялау білігі, критералды бағалау сипатталады.												
2.Зергерлік негіздері (ұлдар)	Көркем еңбектегі зергерлік өнердің жасалу ерекшелігі, Қазақтың зергерлік өнерінің сабақтастығы мен көрші халықтар мәдениетінің өзара ықпалы, ою-өрнектерді тұрмыстық заттарда пайдалану, асыл тастармен сәнделген бұйымдар жасау технологиясы қарастырылады. Зергерлік өнері жайлы білімін практикада қолдану, бұйымдарды көркемдеп сәндеуде АКТ-ны пайдалану арқылы оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру, пәнаралық білімді интеграциялау білігі, критералды бағалау сипатталады.	+	+			+						+	



		қысыммен құю әдістерін практикада қолдану, физикалық маңызын зерттеу жұмыстарында инновациялық технологияларды қолдану, критериалды бағалау, диагностикалау, пәнаралық білімді интеграциялау білігі сипатталады																
12	Дизайн және технология негіздері (сала бойынша) I 1.Технология және техника негіздері (қыздар)	Көркем еңбек және сызуды оқытуда тігін ісін жеңілдететін АКТ негізінде автоматтандырылған заманауи өндірістік, арнайы тігін машиналарының негізгі жұмысшы органдары,механизмдері, базалық, кіші механизация бөлшектері, майлау жүйелері, тігіс түрлері қарастырылады. Тігін бұйымдарын трансформациялау бойынша пәнаралық білімді интеграциялай білуі, тігін саласындағы түрлі технологиялық операцияларды практикада қолдану, дизайнерлік қабілеттерін арттыру, критериалды бағалау сипатталады.	8															
	2.Техника - технологиялық жабдықтар (қыздар)	Көркем еңбек және сызуды оқытуда техника-технологиялық жабдықтардың функциональды мүмкіндіктерінде АКТ-ны пайдалану, өндірістік, арнайы тігін машиналарының жұмысшы органдары, механизмдері, сапалы тігіс алу жолдары, тігін машиналарының жұмыс циклограммасы, машиналық тігіс технологиясы қарастырылады. Техника-технологиялық жабдықтары жөніндегі пәнаралық білімді интеграциялай білуі, түрлі технологиялық операцияларды практикада қолдану, дизайнерлік қабілеттерін арттыру, критериалды бағалау сипатталады.												+	+	+	+	+
	Дизайн және технология негіздері (сала бойынша) I 1.Технология және техника негіздері (ұлдар)	Көркем еңбек және сызуды оқытуда ағашты және темірді қол аспаптармен өңдеу тәсілдерінде АКТ-ны пайдалану, ағаштың темірдің қасиеттері, құрамы, құрылысы, бұйымдарды ішкі және сыртқы контур арқылы көркем аралау, саздан, сымнан бұйымдар жасау, музыкалық аспаптарды жобалау қарастырылады. Техникадағы пәнаралық білімді интеграциялай білуі, технологиялық операцияларды практикада қолдану, дизайнерлік қабілеттерін арттыру,												+	+	+	+	+

		критериалды бағалау сипатталады.												
	2.Техника - технологиялық жабдықтар (ұлдар)	Көркем еңбек және сызуды оқытуда ағаш және металды қолмен және механикалық өңдеу құралдары, технологиясы, өлшегіш, икемдегіш құрал – саймандар, токарь станогының құрылысы, электр аспаптары және құралдары қарастырылады. Техникадағы пәнаралық білімді интеграциялай білуі, технологиялық операцияларды практикада қолдану, дизайнерлік қабілеттерін арттыру, критериалды бағалау сипатталады.		+	+				+					+
13	Дизайн және технология негіздері (сала бойынша) II 1.Материалдарды өңдеу технологиясы (қыздар)	Көркем еңбек және сызуды оқытуда материалдарды өңдеу технологиясындағы: сән индустриясы, стиль, образ, ұлттық киім элементтерін дайындау, киімді трансформациялау тәсілдері, бөлшекті визуальді түрде анықтау, өңдеу, тоқыма мозаикасы техникасында бұйымдар жасау, тұрмыстық тоқыма бұйымдарының дизайні қарастырылады. Қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін практикада қолдану, критералды бағалау, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениетін көрсету сипатталады.		+	+							+	+	
	2.Тігін ісіндегі дизайн технологиясы (қыздар)	Көркем еңбек және сызуды оқытуда тігін ісіндегі дизайннің технологиялық ерекшеліктері, киімдер жиынтығына аксессуарлық және сәндік қосымшалар енгізу, образды таңдау, эскиз түрлерін жасау, сән индустриясы, стиль қарастырылады. Hand made технологиясында бейнеленген жапсырмалы сәндеулерді (гүлдер, кестелер) критералды сыни тұрғыда бағалау, практикада қолдану, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету сипатталады.	6											
	Дизайн және технология негіздері (сала бойынша) II 1.Материалдарды өңдеу технологиясы	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы электрлік қол құралдары мен жабдықтары арқылы робот құрастыру, көлік моделін жасау, нобай құрастыру, макеттеуге және модельге қажетті материалдарды, құрал-саймандарды іріктеу қарастырылады. Дайын бұйымды критералды тұрғыда бағалау, практикада қолдану, жоба жұмыстарын орындауда		+	+							+	+	

	(ұлдар)	коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету сипатталады.												
	2.Материалмен жұмыс (ұлдар)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы слесарлық жұмыс түрлері, темірге белгі салу, бұрғылау, бұранда жасау, өңделген беттерді әрлеу, ажырмайтын біріктірулер, тойтарма тетіктерін жасау қарастырылады. Дайын бұйымды критералды сыни тұрғыда бағалау, практикада қолдану, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету сипатталады.												
14	Дизайн және технология негіздері (сала бойынша) III 1.Дизайн негіздері (қыздар)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы заманауи киімдердегі дизайн бағыттары, сән, жеке тұлға үйлесімділігі эксперименті, этностильдегі бұйым дизайны, «Fast cloth» қарапайым геометриялық формалар, түстер, шаш үлгісі, визаж құралдары, дизайндағы жеке даралық идеялардың өмірдегі орнын, рөлін дәйектеу, ЦБР-ды пайдалану қарастырылады. Сәннің негізгі бағыттарын практикада қолдану, дизайнерлік қабілеттерін арттыру, критералды бағалау сипатталады.												
	2.Дизайн техникасы (қыздар)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы механикалық, компьютерлі көркем кесте орындайтын тігін машиналарының негізгі жұмысшы органдары, механизмдері, түрлі дизайнелік бағыттардағы сәнді тігістер, бастырмалау, көркем кестелеу техникасын орындайтын жабдықтармен, құрылғылармен жұмыс жасаудың өмірдегі орны мен рөлін дәйектеу, ЦБР-ды пайдалану қарастырылады. Дизайн техникаларын практикада қолдану, дизайнерлік қабілеттерін арттыру және критералды бағалау сипатталады.	3		+	+		+	+					
	Дизайн және технология негіздері (сала бойынша) III 1.Дизайн негіздері (ұлдар)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы ағаштан, металдан, сүйектен, теріден бұйымдар жасау дизайны, жобалау, механикалық өңдеу, өзгеріске ұшырау, идеяларды ойластыру, мозаика техникасымен бұйымдар жасау, қазақ халқының тұрмыстық заттардың жасаудың өмірдегі орны мен рөлін дәйектей білу, ЦБР-ды пайдалану қарастырылады. Көркем безендіру жұмыстарын практикада қолдану арқылы дизайнерлік қабілеттерін арттыру, критералды бағалау			+	+		+	+					

		сипатталады.												
	2.Дизайн техникасы (ұлдар)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы макеттердің, модельдердің жобалық шешімдерін іске асыру мақсатында дизайн-графикалық, сәндік-қолданбалы, құрылыс-әрлеу, 3D бағдарлама аясында басқа материалдарды қолдану әдістері, тұрмыстық техниканың өмірдегі орны мен рөлін дәйектей білу, ЦБР-ды пайдалану қарастырылады. Көркем безендіру жұмыстарын практикада қолдану арқылы дизайнерлік қабілеттерін арттыру, критералды бағалау сипатталады.												
<b>Базалық пәндер циклы Жоғары оқу орны компоненті</b>														
15	1.«Технология» пәнін оқыту әдістемесі (сала бойынша)	«Технология» пәнін оқыту әдістері мен формалары, сабақтың типологиясы, бағдарлама мазмұны, сабақты және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу, жаңаша бағалау тәсілдері, өткен сабақты талдау, білімін практикада қолдану мәселелері қарастырылады. Сабақ жоспарын жасау, пәнаралық білімдерді интеграциялау, ақпараттық мәдениет көрсету, инклюзивті білім беруде инновациялық әдістерді қолдану жолдары сипатталады.												
	2.Жоба әдісін оқыту (сала бойынша)	Шығармашылық жоба әдісі, жоспары және ұйымдастыру кезеңдері, жоба тақырыбын таңдау, негіздеу, зерттеушілік қызмет, дизайнерлік тұрғыдан талқылау; технологиялық карталарын құрастыру, бұйым сапасын бақылау, бұйымның өзіндік құнын нарықтық бағасымен салыстыру, жобаны ұсыну қарастырылады. Жоба жұмыстарын орындауда пәнаралық білімдерді интеграциялау, критериялды бағалау, ақпараттық мәдениет көрсету, инклюзивті білім беруде инновациялық әдістерді қолдану жолдары сипатталады.	5		+					+	+	+	+	+
16	1.Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқыту (сала бойынша)	Жалпы техникалық және арнайы сала бойынша мамандықтардың (тігінші, модельер – пішуші, конструктор, авто ісі, электр дәнекерлеуші т.б.) кәсіби құзырлығы оларды қоғам сұранысына, әлеуметтік жағдайы бойынша кәсіби-өндірістік оқытуда ЦБР-ды пайдалану қарастырылады.	5		+		+	+					+	+

		Мамандықтардың өмірдегі орнын, практикада қолдануда пәнаралық білімдерді интеграциялау, оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыру, сыни тұрғыдан бағалау, инклюзивті білім беру тәжірибесі сипатталады.											
	2.Өндіріс негіздерін оқыту әдістемесі (сала бойынша)	Өндіріс негіздерін оқыту әдістемесінде өнеркәсіптік кәсіпорын мазмұны, бизнес негіздері, мемлекеттік кәсіпорындар мен холдинг компаниясы, жеке кәсіпкерлік, толық серіктестік, командиттік салалары және оларды оқытудың әдіс-тәсілдері, жоспар құруда ЦБР-ды пайдалану қарастырылады. Өндіріс негіздеріне оқытуда пәнаралық білімдерді интеграциялау, оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыру, сыни тұрғыдан бағалау, инклюзивті білім беру тәжірибесі сипатталады.											
17	1.Көркем еңбекті оқыту әдістемесі (сала бойынша)	Көркем еңбек және сызуды оқыту мазмұнындағы визуалды өнер, дизайн және технология, сәндік қолданбалы шығармашылық, үй, тамақтану мәдениеті бөлімдерін оқыту әдістері, критериалды бағалау, кері байланысты ұйымдастыру, табиғи ресурстарды пайдалану, диагностикалау, қысқа мерзімді сабақ жоспар дайындау, педагогикалық практикада қолдану қарастырылады. Инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне, оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, критериалды бағалау сипатталады.	6										
	2.Сәндік қолданбалы өнер негіздерін оқыту әдістемесі (сала бойынша)	Сәндік қолданбалы өнерінің көркем еңбек және сызуды оқытудағы орны, ұлттық, әлемдік мәдениет өнері, дизайн туындыларының ерекшеліктері, қолөнерін жасау технологияларын заманауи талаппен оқыту әдістері, білім сапасын критериалды бағалау, диагностикалау, қысқа мерзімді сабақ жоспарын дайындау, білімін практикада қолдану қарастырылады. Инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттеріне, оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкестендіру сипатталады.				+				+	+		
18	1.Графика және жобалауды оқыту әдістемесі	Графика және жобалау пәнін оқытуда сызу құрал жабдықтарымен жұмыс жасау, проекциялау, кескінді екі немесе үш жазықтыққа проекциялау әдістерін, белгісіз	5			+				+	+		

		проекцияны табу, аксонометриялық проекциялар, техникалық сурет және эскиздер салу әдістері қарастырылады. Қима мен тілік сызбаларын, аксонометриялық қиылысу сызбаларын, стандарттарды практикада қолдануда АКТ-ны және инновациялық технологияны пайдалану, критериялды бағалаумен сипатталады.												
	2.Кітап графикасы	Кітап графикасының композициясын жасау, кітапты иллюстрациялау, құрылымын үйлестіру (мұқаба, ішкі беті - титул және кітаптың басқы беттерін безендіру), кітап безендіру ісіндегі өзгешеліктер, түстер диапазоны, кітап макетін құру әдістері қарастырылады. Кітап графикасын жаңа технология негізінде безендіруді практикада қолдануда АКТ-ны және инновациялық технологияны пайдалану, критериялды бағалаумен сипатталады.												
19	1.Кәсіптік білім берудегі ғылыми зерттеулер негіздері	Кәсіптік білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер, ғылыми зерттеу іс-әрекеттерінің әдіснамалық негіздері, зерттеу мазмұнын, моделін түзу, тәжірибелік жұмыстарға математикалық өңдеулер жүргізу, зерттеудің теориялық және эмпирикалық деңгейлеріндегі әдістері қарастырылады. Танымдық мәселелерді шешу жолдарын талдау, инновациялық технологияларды практикада қолдану, инклюзивті білім беруде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау сипатталады.	5		+	+			+	+				+
	2.Педагогикалық зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру	Педагогикалық білім берудегі ғылыми ізденістің технологиясы, ғылыми ізденіс әрекеттері, зерттеу әдістемесі және оларды ұйымдастыру, зерттеу бағдарламасының мазмұндық құрылымы, математикалық өңдеуді жоспарлау қарастырылады. Танымдық мәселелерді шешу жолдарын талдау, инновациялық технологияларды практикада қолдану мен критериялды бағалау инклюзивті білім беру тәжірибесінде, даулы жағдайларда туындаған проблемаларды шешудің креативтілігін бағалай білу сипатталады.												
<b>Базалық пәндер циклы</b>														



**Таңдау компоненті**

20	1.Үй және тамақтану мәдениеті (қыздар)	Дұрыс тамақтану негіздері, әлем халықтарының асханасы мен тағамдары, қазақ және түрлі халықтардың мәдениеті, жеке бас гигиенасы, өз-өзіне күтім жасау, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, көктемгі жұмыстары қарастырылады. Тұрмыстық техниканы, интерьерге арналған сәндік бұйымдарды 2D/3D бағдарлама аясында жасалуы, ландшафт, өсімдіктердің медицинада, фитотерапия мен косметологияда қолданылуы, тұрғын үй экологиясы, үйдегі микроклиматтық жағдай сипатталады.	5													
	2.Тұрмыстық мәдениет (қыздар)	Тұрмыстық мәдениет түсінігі, ішкі көріністегі композиция, тұрғын үй интерьерін эстамптармен, картиналармен, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен сәндеу, ішкікөріністегі жарықтың рөлі, тұрғын үй орынжайларының тазалықтары қарастырылады. Жиһаз күтімі, киіз үй жасауы, интерьерге арналған сәндік бұйымдарды 2D/3D бағдарлама аясында жасалуы, ландшафт, өсімдіктердің түрлі салада қолданылуы, тұрғын үй экологиясы, үйдегі микроклиматтық жағдай, критералды бағалау сипатталады.			+				+							
	1.Үй және тамақтану мәдениеті (ұлдар)	Үй және дұрыс тамақтану мәдениеті, электр энергиясы, электр схемаларының шартты белгілері, тізбектері, үй-жайды жөндеу жұмыстары, асхана, жатын және қонақ бөлмелерін безендіру, ауылшаруашылығындағы заманауи техникалар, агротехнология, электроарматура қарастырылады. Тұрғын үй экологиясын, үйдегі микроклиматты, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттарын 2D/3D бағдарлама аясында меңгеру, критералды бағалау сипатталады.								+						
	2.Тұрмыстық мәдениет (ұлдар)	Тұрғын үйдің (үй, пәтер) сипаттамалық ерекшеліктерін, пәтердің жабдықталуын (жиһаздар мен жабдықтарды орналастыру), үйде жайлы жағдай жасауды, үйдің ішкі көрінісі, жарықтандыру құралдарын орналастыру жоспарын дайындауды, жарнама арқылы тұрмыстық техникасын таңдауды; еңбек нысандарының түрлері: тауар мен қызмет														

		жайлы жарнамалық анықтамалар қарастырылады. Тұрмыстық техника үлгілерін 2D/3D бағдарлама аясында меңгеру, критералды бағалау сипатталады.											
21	1.Графика және жобалау негіздері I	Графика және жобалаудағы геометриялық проекциядағы нүкте, сызық, жазықтықтарды бейнелеу, сызық типтері, сызба шрифті, екі проекция арқылы үшінші проекцияны, бөлшектің сыртқы көрінісін тұрғызу, жазықтық бетіндегі нүктелер қарастырылады. Графиканың түйіндес өлшемдерін реттеу ережелерін практикада қолдану, пәнаралық білімді интеграциялау, АКТ-ны пайдалану арқылы оқушының графикалық қабілеттерін, командада жұмыс істеу дағдыларын арттыру, критералды бағалау сипатталады.	2	+				+		+			
	2.Графикалық жобалау I	Ойдағы графикалық жобалау эскиздерін зерттеу, композицияның негізгі заңдылықтары (метр, ритм, симметрия, ассиметрия, пропорция), жазықтықтағы негізгі көлемнің құрылысы қарастырылады. Графика техникасының негізін (нүкте, сызық, дақ, түс, жарық, материалдық болмыс) практикада қолдану, пәнаралық білімді интеграциялау, графикалық жобалауда АКТ-ны пайдалану арқылы оқушының графикалық қабілеттерін, командада жұмыс істеу дағдыларын арттыру, критералды бағалау сипатталады.											
22	1.Графика және жобалау негіздері II	Графика және жобалауда проекциялық сызу, екі проекция арқылы үшінші проекцияны тұрғызу, қима мен тілік түрлерін бейнелеу, тілік, аксонометриялық проекцияны тұрғызу, бекітетін бөлшектерді (болтты, тойтармалы, дәнекерлеу) сызу қарастырылады. Беріліс түрлерін (тісті және бұрандалы) практикада қолдану, пәнаралық білімді интеграциялау, графикалық жобалауда ЦБР-ді пайдалану арқылы оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру, критералды бағалау сипатталады.	5	+				+		+			
	2.Графикалық жобалау II	Графикалық жобалау талаптары, композициялық ойлау, кәсіпқой көру, эмоциональды қабылдау және көркем ойлау, көркемдік – графикалық жұмыстар жасау және практикада											

		қолдану, түрлі-түсті графиканың сызықтық дағдыларын, материалдар мен құралдардың ерекшеліктері, мүмкіншіліктері, графикалық беріліс стилі, әдістері қарастырылады. Пәнаралық білімді интеграциялау, графикалық жобалауда ЦБР-ді пайдалану арқылы оқушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру, критералды бағалау сипатталады.													
<b>Бейіндеуші (профильді) пәндер циклы</b>															
<b>Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті</b>															
23	1.Композиция	Өнердегі композиция заңдылықтары, композиция категориялары, құрылымдық типологиясы, натюрморт композициясы, сурет жазықтығы, құрылымдық шешім, натюрморт, портрет, көпфигуралы композиция жанрлары, пейзаж композициясы, көпфигуралы композиция қарастырылады. Композициялық шығармалық ізденіс жұмыстарына негізделген көркемдік білімін практикада оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес тиімді қолдану, диагностикалау, проблемаларды шешудің креативтілігін критералды бағалай білу сипатталады.	5		+						+	+		+	
	2.Әдептеу (стилизация)	Әдептеу (стилизация) интеллектуальды мағыналы және эмоционалды психологиялық шығармашылық, графика өнеріндегі образды формаларды жасау, шынайы өмірдегі заттардың суретін салу: стилизацияланатын заттар, табиғи көріністер, өсімдіктер мен гүлдер, хайуанаттар, адамдар, герадилканың бұйымдар ретінде қарастырылады. Күрделі шығармашылық жұмыстарға негізделген көркемдік білімін практикада оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, диагностикалау, проблемаларды шешудің креативтілігін бағалай білу сипатталады.													
24	1.Бейнелеу өнер тарихы және теориясы	Бейнелеу өнерінің даму тарихы, Италия, ертедегі шығыс елдері, жаңа кезеңдегі өнер, импрессионизм, романтизм, футуризм, постмодернизм, Батыс Европа елінің заманауи стилі, кеңстік және заманауи қазақ өнері қарастырылады. Ақпараттық мәдениетке негізделген түсініктерге сыни	5		+							+	+	+	+

		тұрғыдан қарау және білімін практикада қолдану, оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыру, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялау білігі сипатталады.											
	2.Жалпы өнер тарихы	Жалпы өнерінің тарихи: ежелгі және орта патшалық өнер, мысыр, амарн кезеңі, жаңа патшалық кезең, ежелгі Мессопатамия, Архаика, Грекияның ежелгі кезеңдері, мифология, пластикалық өнерлері қарастырылады. Тарихи мәліметтерге негізделген түсініктерге сыни тұрғыдан қарау және білімін практикада қолдану, оқушының тұлғалық дамуын қалыптастыру, өмір бойы білім алуда пәнаралық білімді интеграциялау білігі, критериалды бағалау сипатталады.											
<b>Бейіндеуші (профильді) пәндер циклі Таңдау компоненті</b>													
25	1.Академиялық сурет	Заттардың конструктивті-көлемді формаларын салу, геометриялық денелер (куб, призма, пирамида, конус, шар), геометриялық және тұрмыстық денелерден құралған натюрморт, мата қатпарларын салу, гипстен жасалған бас бөлшектерін салу (көз, мұрын, ауыз, құлақ) және практикада қолдану қарастырылады. Адамның бас сүйегін муляждан салу арқылы оқушылардың танымдық ойлау қабілеттерін арттыруда АКТ-ны пайдалану, білімін критериалды бағалау сипатталады.	8	+	+			+		+			
	2.Анатомиялық сурет	Адам анатомиясын суретте түсіру, адам және жануар денелерінің анатомиялық кескіні (атласы), статикалық және динамикалық өзгерістерде анатомиялық ерекшеліктерін бейнелеу, гипсті басты және модельдерді анатомиялық бейнелеу (экорше) және оны практикада қолдану қарастырылады. Түрлі бұрылыс қалыптағы адамды анатомиялық бейнелеу арқылы оқушылардың танымдық ойлау қабілеттерін арттыруда АКТ-ны пайдалану, білімін критериалды бағалау сипатталады.											
26	1.Академиялық	Заттардың көлемін түстік-тондық қасиеттері, кескіндеме	8		+				+		+	+	+

	кескіндеме	құралдары арқылы бейнелеу, «Гризайль» техникасында кескінделген натюрморт, түрлі-түсті фондағы және қарама-қарсы түстерден тұратын тұрмыстық заттардан құралған натюрморт, портрет, жартылай дене, қолымен қоса салынған портрет, интерьерде орналасқан адам денесі қарастырылады. Білімдерін инклюзивті білім беру практикасында қолдану, инновациялық технологияларды пайдалану, диагностикалау, білімді интеграциялау білігі, критериалды бағалау сипатталады.												
	2.Портреттік кескіндеме	Портрет туралы ұғым, портрет түрлері, портреттік кескіндеменің психологиялық сипаты, портреттік кескіндеменің көркемдік бейнесі, портрет - кескіндеме өнерінің күрделі жанры, әртүрлі жарықпен адам портретін салу қарастырылады. Білімдерін инклюзивті білімде практикалық тұрғыда қолдану, инновациялық технологияларды пайдалану, диагностикалау, білімді интеграциялау білігі, критериалды бағалау сипатталады.												

**Бейімдеуші пәндер циклі**

**Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті**

27	Траектория 1 Көркем еңбек және графика	Инженерлік графика	Бірегей конструкторлық құжаттар жүйесін (БКҚЖ), бөлшектердің графикалық проекциясы, бөлшектендіру, құрастыру сызбасы, машина құрылысы сызбаларындағы өлшемдерді қою, бөлшектерден проекция орындау, сызбаны безендіру ережелері, машина құрылысы сызбаларындағы қималар мен тіліктер, негізгі жазу, экспликация қарастырылады. Білімін практикада қолдану, инженерлік графика жұмыстарында АКТ-ны пайдалану, коммуникативтілік, критериалды бағалау сипатталады.	10		+		+			+	+		
		Техникалық сызба	Техникалық сызбаны бейнелеу және оқу ережелері, бөлшек сызбалары, құрастыру сызбасы, сызбаның жалпы көрінісі, сызбаларды, схемаларды, конструкторлық құжаттарды, техникалық ұсыныстарды,	5		+		+			+	+		

			эскиз және техникалық суретті, жұмыс құжаттамасын, техникалық сурет және оны орындау ережелері қарастырылады. Білімін практикада қолдану, техникалық сызбаны орындауда АКТ-ны пайдалану, коммуникативтілік сипатталады.												
		Құрылыс сызбасы	Құрылыс сызбасындағы сызуды, форматтарды, негізгі жазуды, құрылыс сызбасындағы шрифтты, жоспар, фасад, қима тұрғызудағы сызба, генжоспар жасау, баспалдақ өлшемдерінің сызбасы, құрылыс нормалары және ережелері (ҚНЖЕ) қарастырылады. Сызба жасауда құрылыс материалдарын белгілеу ережелерін практикада қолдану, құрылыс сызбасын орындауда АКТ-ны пайдалану, коммуникативтілік сипатталады.	5		+				+			+	+	
28	2 Траектория Көркем еңбек және технология	Тігін бұйымдарын конструкция лау және модельдеу	Тігін бұйымдарын конструкциялау мен модельдеу әдістері, балалар, әйелдер және ерлер киімдерін жобалау, базалық негізге бағытталған модельдеу түрлері мен тәсілдері, бөлшектердің градациясына негізделген үлгі кешені, жаңа үлгінің техникалық құжаттарын дайындау жолдары, критериалды бағалау қарастырылады. Конструкциялық білімін практикада қолдану тәсілдері, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімдерді интеграциялау білігі сипатталады.	10		+							+	+	+
		Тігін бұйымдарының технологиясы	Өртүрлі материалдардан тігін бұйымдарын өңдеу технологиясы, балалар, ерлер және әйел киімдерінің негізгі және сәнді бөліктерін өңдеудің технологиялық ерекшеліктері, сырт киім бөліктерін жинақтау, заманауи ұлттық колоритмдегі тігін бұйымдар өңдеу технологиясы, критериалды бағалау қарастырылады. Технологиялық білімін практикада қолдану тәсілдері, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімдерді интеграциялау білігі сипатталады.	5		+							+	+	+
		Костюм тарихы	Костюмнің шығу тарихы мен даму кезеңдері, стильдері, түстері, әшекейлерінің сән бағытына қарай тасымалдануы және тарихи дамуына байланысты маталарын таңдау ерекшеліктері, сыни бағалау қарастырылады. Тарихи	5		+			+					+	+

			мәліметтерді практикада қолдану, костюмнің адам өміріндегі орны мен рөлін дәйектеу және оларға қатысты жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімдерді интеграциялау білігі сипатталады.											
29	Траектория 3 Көркем еңбек және техника	Радиоэлектроника негіздері	Радиоэлектрониканың резисторлар, конденсаторлар, индуктивті катушкалар қасиеттері мен параметрлері, шалаөткізгіштер (диод, транзистор, тиристор, приборлар), интегральдық микросхемалар, тербеліс жүйесі қарастырылады. Күшейіткіштерді, тербеліс генераторының сұлбаларын құрастыруды практикада қолдану, сыни бағалау жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімдерді интеграциялау сипатталады.	10		+						+	+	+
		Автомобильдің құрылысы және модельдеу	Автомобильдің қозғалтқыштары, құрылысы, механизмдері, принциптері, электрлік және электрондық жабдықтары қарастырылады. Автомобильдің механизмдерін және толық корпусын, құрастырмалы және жеке бөлшектерін модельдеуді жүйелі ойлау негізінде білімін практикада қолдану, автомобильдің өмірдегі орны мен рөлін дәйектеу, АКТ-ны пайдалану арқылы модельдеуді көзбен қабылдау процестері, бағалау сипатталады.	5		+		+				+	+	+
		Техника тарихы	Өндіріс, тау-кен ісі, әскери және энергетика саласы, егін шаруашылығы мен ғарыш техникаларының шығу тарихы, даму кезеңдері қарастырылады. Тарихи мәліметтерді практикада қолдану, критериялды бағалау, техниканың адам өміріндегі орны мен рөлін дәйектеу және оларға қатысты жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету, пәнаралық білімдерді интеграциялау білігі сипатталады.	5		+		+				+	+	+